

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕК ИНСПЕКТОРЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
ИНСПЕКЦИИ ТРУДА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНСПЕКТОР
ТРУДА ПО
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060011, Атырау қаласы, Пушкин көшесі, 163 тел. / факс (7122) 519902
060011, город Атырау, ул. Пушкина, 163 тел. / факс (7122) 519902

**Қазақстан Республикасының
төрағасы Ж.Қ.Асановқа**

**Атырау облыстық сотының
төрағасы М.Ж.Бектұрғановқа**

**Атырау облысы Мемлекеттік
еңбек инспекторы
Г.Д.Мухановадан**

Алғыс хат

Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы З.Байназарова «Caspian Radio Services» ЖШС-на қатысты шығарылған жұмыскер Р.Жанпейсовтың еңбек жағдайына байланысты бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, яғни үстеме ақы өндіру бойынша 09.10.2018 жылы №182300303000147 хаттаманың заңсыз күшін жойып, талап арыздың шегінен шығып негізсіз бұзған болатын.

Алайда, Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция Басқармасының өтініші бойынша Атырау облысы прокуратурасының апелляциялық шағымы негізінде Атырау облыстық сотының судьясы Д.Н.Тухфатованың арқасында әділдік орнатып, Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 31.10.2018 жылғы №2312-18-00-3ж/417 шешімі бұзылды.

Атырау облыстық сотының судьясы Д.Н.Тухфатова сот мәжіліс залында істі жан-жақты қарап, нәтижесінде мемлекеттік еңбек инспекторының бұзылған құқықтарын қалпына келтірді.

Осыған орай, судья Д.Н.Тухфатованың баяғы қазақ билерінің салған ізгі жолымен шешендік тілмен заңның қолданылу аясын түсіндіріп, заң үстемдігін қамтамасыз етіп бергені үшін алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар, осындай заң жүзінде және әділ түрде істерді қарайтын жетік білетін судьяларымыз бар екеніне көзім жетті.

Атырау облыстық сотының төрағасы М.Ж.Бектұрғановқа және облыстық соттың ұжымына заң талаптарына сай Атырау облысы халқының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру саласындағы еңбектері үшін алғысым шексіз.

Осы заң талаптарының орындалуы, қолданыстарын түсіндіру, әділдік орнаулардың себепкері Жоғарғы соттың төрағасы Ж.Қ.Асановтың арқасы деп ойлаймын.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қазақ билерінің әдемі мақалында келтірілгендей, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке билеріміздей шешендікпен, турашылдықпен әділдіктің ақ туын желбіретіп жүре беріңіздер. Сіздерге шын ықыласыммен қажымас қайрат, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

**Құрметпен,
Мемлекеттік еңбек инспекторы**



Г.Д.Муханова